Ә.Жангелдиннің Халық Комиссарлар Кеңесіне берген есепте «бұл өңірде шамамен әрқайсысында 10 мыңдай адамы бар, адайлардың 12 болысы, не бары 100 мыңдай тұрғыны бар екен. Келгенімізді хабарлап, ақсақалдар кеңесін шақыру үшін, болыстарға өкілдер жібердік. Алғашқыда тұрғындар жіберген адамдарымызға сенімсіздікпен қарайды. Себебі, уезд қазақтары Кеңес өкіметінің бар екеніне толықтай бейхабар болғандықтан, оған ешқандай құлшыныс танытпайды.»[2] Жангелдин отряды Ресейден келе жатқан қару- жарақ, дәрі-дәрмекті Ақтөбе майданына жеткізу үшін жергілікті халықтың қолдауына сүйенеді. Тек екі күнге созылған ақсақалдар кеңесі, олар Кеңес өкіметінің сипаты мен мақсаттарын түсіндірген соң отрядтың ұсынысына келісім беріп, әрбір болыс 50 түйе, 100 жылқыдан беруге тапсырма алады.

Бұл отряд бір айдан астам уақыт бойы Маңғыстау жерінде болып, уезд қазақтарына Кеңестерді ұйымдастыруға көмектеседі. 25-қыркүйекте Қаратөбе деген жерде өлке қазақтарының съезін өткізіп, мұнда Ә. Жангелдин сөз сөйлеп, кеңес өкіметінің қарапайым халықтың өкіметі екенін түсіндіріп, оның міндеттерін тайға таңба басқандай етіп, жатық түсіндіргенде, жиналған халық Кеңес өкіметін мойындайтындығын білдіреді. Тобанияз Әлниязұлы бастаған Төңкеріс Комитетін тағайындап, Комитетке Кеңес өкіметін ақ гвардияшылардан қорғау жүктеледі. Тобаниязды Дала өлкесі Төтенше Комиссарының Маңғыстау уезі бойынша орынбасары ретінде тағайындайды.

Жангелдин отрядына жергілікті халық 700 жылқы және 600 түйе, адайдың жүздеген жігіттері жолбасшы болып, жем-шөп, азық-түлік тиеп жолға шығады.[3]

Ал, халықтың мұның жоқтаушы, Қазақстанның территориялық тұтастығы үшін күресуші айтулы азамат Т. Әлниязұлы болса, кеңес өкіметінің қарапайым халықтың өкіметі деген түсінікпен халық бұқарасының мүддесіне шын берілгендігін көрсетіп, уезде Кеңес өкіметін ұйымдастыруға, Маңғыстау жерін Қазақ жеріне қосуға, ұлан -ғайыр аймақты сақтап, қорғауға, халықтың мәдени және экономикалық жағдайын көтеру істеріне бар жан тәнімен кіріседі.

Кеңес өкіметінің орнатылуынан соң іле-шала басталған азамат соғысы барлық Қазақстан аумағын, оның ішінде Маңғыстауды да, шарпыған болатын. Бұл кез –билік біресе ақтар, біресе қызылдар қолына көшкен, қарапайым халықты тонауға ұшыратқан аласапыран уақыт болатын. Осы кезде Гурьевте уақытша билігін орнатқан ақ генерал Толстов қызылдардан жеңіліп, 1919 жылы желтоқсанда Гурьевті тастап шығып, Маңғыстауға бет бұрады. Ондағы ойы – Форт арқылы Красноводскіге жету. Бір бөлігі –Хиуаға, екінші бөлігі Үстірт арқылы Маңғыстауға жеткен ақтармен бірге көршілес түрікмендер де Адай ауылдарын тонап, Маңғыстау үстінде соғыс өрті өршіген кезең болатын.

1920 жылы наурыз айында Т.Әлниязұлы басқарған адай қазақтарының делегаттары Орынборға келді. Олардың бұл сапардағы қызметі Қазақ өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің 1920 жылғы 24 наурыздағы №16 хаттамасында баяндалған.[4]

Дала өлкесі төтенше комиссары Ә.Жангелдиннің бұрынғы орынбасары, адай руының өкілі Т.Әлниязұлының келгені туралы Мюрат (Түркістан майданы революциялық майдан өкілі) баяндама жасап, Форт-Александровскідегі Толстов армиясының қалдықтары мен түркімендер бірігіп, адайларды тонауда, олардың малын талайды, ауылдарын шабады, соған қарулы әскер жіберуді, адайлардың өздерінен әскер бөлімдерін ұйымдастыру үшін қару – жарақ, басқа да керек заттарды беруді сұрайды.Ал адайлар өз кезегінде әскер үшін жігіттерді ат, түйе, көлікпен, ет басқа да тағамдармен қамтамасыз етуге дайын екендігі баяндалады.

Әскери экспедиция туралы мәселені шешу үшін, келген делегациямен Мюрат жолдасты, Қаратаевты 1-армияның революциялық кеңесіне, Сидоровты өлкелік әскери комиссариатқа келіссөз жүргізуге жіберу туралы қаулы қабылданды.

Келген делегаттармен революциялық комитеттің мәжілісінде Закаспий облысынан

келген адай өкілдерінің өтініші –адайларды Қырғыз (Қазақ) өлкесіне қосу туралы, адайларды басқару туралы, әскери мәселе, жабдықтау мәселелері қаралып, мынадай қаулы қабылданады [5]:

-адайлар Түркістан Республикасы құрамындағы Маңғышлақ және Красноводск уездерінде тұратынына қарамастан, жылдың көп уақытында Орал және Торғай облыстарының жерін жайлады. Осылайша, Қырғыз (Қазақ) өлкесінің аумағында болған кезінің бәрінде революциялық комитеттің қарауында болады және адайлар шаруашылық жағынан алғанда Орал облысымен, Ойылмен тығыз қарым-қатынаста, яғни өздерінің артық заттарын сатып, секер т.б. азық-түлікпен қамтамасыз етеді. Оралдан да адайларды жабдықтау үшін көп көлемде қажетті заттар жіберіледі, сондықтан да Түркістан республикасының Орталық Атқару комитетінің алдында адайларды тұратын жерлерімен қоса Қырғыз (Қазақ) өлкесінің аумағына қосу туралы мәселені көтеру керек деген қаулы қабылданады. Бұл мәселенің күтпей-ақ, адайлар арасында Кеңес үкіметін орнату және шаруашылық қатынастарды орнату сияқты істерге кірісу керек. Сонымен қатар:

- әскери мәселеге ерекше назар аударылған;
- адайлар арасында халықтық кеңес органдарын бірден ұйымдастырудың мүмкіндігі болмағандықтан, революциялық комитеттің арнайы өкілін жағдаймен танысу үшін және сол жерде қажетті шаралар қолдану үшін іссапармен адайлар арасына жіберу қажет;
- революциялық комитет атынан адайларға үндеу жариялау;
- революциялық комитеттің экономикалық бөлімі адайлармен шаруашылық байланыстарын орнату жұмыстарымен айналысын.

1920 жылдың 16 қазанында АССР-і, Закаспий облысы Маңғышлақ уезі, Красноводск уезінің қазақ болыстары Қырғыз (Қазақ) АССР-іне қосылады.

20 наурыздағы (28 немесе 29 болуы мүмкін Р.С) №18 хаттамада адайлардың өтініші тыңдалып, мынадай қаулы қабылданғаны туралы жазылған [6]:

- революциялық комитет атынан адайларға арнайы үндеу арқылы шығару;
- адайларға жіберу үшін ерекше комиссияға адамдар бөлу және адай ісі жөнінде арнайы өкіл сайлау. Бөлінген жолдастар адайлардың беделді адамдарымен, топтарымен келісімге келу арқылы жергілікті жағдайды анықтау мақсатында шұғыл жолға шығулары қажет дей келіп, Дала өлкесі төтенше комиссары Жангелдиннің бұрынғы көмекшісі Әлниязовтың адайлар арасындағы ролі мен қызметін анықтау туралы тапсырма берілді;
- егер мүмкін болып жатса, адайларды басқарудың уақытша органын құру керек. Барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу және барлық жиналған құжаттарды революциялық комитетке баяндау, ол жерде басқару органдарының қызметін бақылап, бағыттап отыратын революциялық комитеттің арнайы өкілін қалдыру керек;
- адайлармен сақтықпен қарым-қатынас жасау, алдын-ала сақтық шараларын қабылдау туралы Өлкелік әскери комиссар Сидоровқа әскери билік басындағылармен келісімге келу тапсырылды;
- Орал жәрмеңкесінің ірі маңызына байланысты Орал революциялық комитетіне Ойылға жауапты қызметкерлер жіберілу ұсынылады.
- Өлкелік төтенше комитетке адайлардың көшіп-қонып жүретін жерлеріне жауапты өкіл мен сенімді қызметкерлер жіберу ұсынылады;
- комиссия құрамына Өлкелік әскери комиссариаттың төрағасын кіргізу ұсынылады;
- Келген делегаттарды адайлар арасында ревком комиссиясының жұмысына қолайлы жағдайлар даярлау үшін қажетті құжаттар (адайларға үндеу т.т) беріп, елге қайтару. Үндеуді жазу А. Байтұрсынов, Мюрат, Седельниковке тапсырылады.

Қазақ өлкесін басқару бойынша революциялық комитеттің 1920 жылдың 20 сәуірінде болған мәжілістің №23 хаттамасында адайлармен дұрыс, қалыпты қарым-қатынас жасаудың құралы- съезд шақыру болып табылады деп көрсетілген, және адай съезін 1-10 маусым аралығында адайлар Ойылға көшкен кезде шақыру мәселесі қаралған. Ол үшін Түркістан республика келісімін алу қажет. Ойылға жүретін комиссияның алдындағы мақсаты мен міндеттері белгіленіп, адайлар арасында және олармен қатар көшіп- қонып жүрген табын

сияқты рулар арасындағы кеңес үкіметін орнату жұмысы тапсырылады. [7] Қажет болса көшпелі ревком құрып, адайларды Қызыл Армия қатарына алу мәселесімен де айналысады. Орал, Жымпиты арқылы Ойылға баратын комиссия 5 күнде жолға шығуы қажет.[8]

Орыс патшасы «бөгде» аймақ атап келген Маңғыстаудан Тобанияз Әлниязулы бастап, 1920 жылы наурыз айында Орынборға барған делегацияның Қазақ жеріне қосылғысы келетін ойларын білдіруі – Маңғыстау жұртының арман еткен өз жұрты – Қазақ жеріне қосылуының алғышарттарын даярлаған болатын.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты (ҚР ПМ), 139-қор, 1-тізбе, 68-іс, 12-18 пп.
2. ҚР ПМ, 1-қор, 1-тізбе, 6-іс, 1-10 пп.
3. МОММ, 62-қор, 1-тізбе, 183-іс, 29-п.
4. ҚРОММ 14-қ., 1-т., 82-іс, 19-20-п.п.
5. Бұл да сонда,72-п.
6. Бұл да сонда, 82-п.
7. Бұл да сонда, 94-95-беттер
8. «Құжаттар мен материалдар» А., 1961

#### Р.А.Сидешова

Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им.Ш.Есенова,  
г.Ақтау Казахстан

### ПРИСОЕДИНЕНИЕ МАНГИСТАУ К КАЗАХСКОЙ (КЫРГЫЗСКОЙ) АССР

**Аннотация:** В статье под названием «Присоединения Мангистау в Казахской(Киргизской) АССР», идет речь о посещении Т.Алниязова с группой мангистауских делегатов Оренбурга для участия в работе Казревкома. Мурат рассказал о прибытии замкомандующего Чрезвычайными ситуациями Степного края, и поднимает социально-политические вопросы жителей Мангистау. Т. Алниязов рассказывает о толстовской армии в Форт-Александровске и туркменских мародерах, которые совершают вооруженные набеги на местных жителей. И просит Казревком организовать патруль своих подразделений, обеспечить их джигитов оружием и другими необходимыми вещами. А также присоединения Мангистау к казахской земле.

В статье использованы материалы Национального архива РК, материалы Президентского архива и др.

**Ключевые слова:** Мангистауский край, Тобанияз Алниязулы, казревком.

#### R.A.Sideshova

Caspian state university of technology and engineering named after Sh. Yessenov,  
Aktau city, Kazakhstan

### JOINING MANGISTAU TO THE KAZAKH AUTONOMOUS REPUBLIC

**Annotation.** In an article titled "A decisive person to connect Mangystau to the Kazakh land", T. Alniyazovich visited T.Alniyazovich with a group of citizens of the Republic of Kazakhstan to participate in the work of Kazreev, together with Mangistau land, - The social issues are raised. In March 1920 delegates from Adai Kazakhs led by T. Alniyazovich came to Orenburg. Murat told about the arrival of the ex-emergency commander of the Steppe Krai, the Adai tribe spokesman T. Alniyazov, and the Taldish army in Fort-Alexandrovsk and the Turkmen, together with the looters, their livestock, their villages, sending armed troops to them, for the organization of its units, the provision of weapons and other necessary things, and the transfer of Mangistau people to the Kazakh land. Article is state archive and presidential archive of the Republic of Kazakhstan. on the basis of materials.

**Keywords:** Mangistau land, T. Alniyazov, Kazreev.

ӘОЖ: 94 (574) (045)

**Г.Б. Қамиева**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,  
Ақтау, Қазақстан

E-mail: alpakon02092000@mail.ru

## РЕСЕЙДІҢ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢҒЫСТАУ

**Аңдатпа:** мақалада Ресей империясының Кіші Жүзге ерекше қызығушылық туғызуының себептері, жаңа басқару жүйесінің Маңғыстау қазақтарына әсері, өлкедегі патшалық әкімшілік биліктің өзіндік ерекшеліктері туралы қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** ереже, дистанция, приставтық, Маңғыстау уезі, болыс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «... «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады», - деп атап көрсете отыра, «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мен оған әрбір азаматтың үлес қосуы керек екендігіне баса мән беріліп, өлкетану ісін дамыту мәселесі де қозғалған болатын [1]. Осыған орай, аталмыш мәселе өлкенің өткеніне жаңаша көзқарастар легімен назар аударып, тарихи тұжырымдар жасауға септігін тигізеді.

XIX ғасырдың басына таман Қазақстанның елеулі аумағы шын мәнінде Ресей империясының қоластында болды. Ұлы Жүзді бағындырғаннан кейін патша үкіметінің алдында отарланған өңірлерді Ресеймен біріктіре отыра, басқарудың жаңа жүйесін құру мәселесі тұрды. Самодержавие Қазақстанды өзіне түпкілікті бағындыруға және оны мұнда әкімшілік-құқылық басқарудың жаңа орыстық жүйесін енгізу арқылы бекітуге тырысты [2, 18-б]. Кіші жүз патша үкіметі үшін ерекше қызығушылық туғызды. Кіші Жүз аумағында Маңғыстау түбегі өзінің географиялық орналасуының арқасында патша үкіметінің басқыншылық мақсаттарына қолайлы әскери-стратегиялық жағдайды иемденді, өйткені солтүстік-батысында Маңғыстау Каспий теңізі арқылы Ресеймен, оңтүстік-шығысында – Хиуамен, ал батысында – Кавказбен шектесті. Маңғыстау айлақтары арқылы Орта Азиялық хандықтардан Ресейге қарай ең қысқа теңіз жолдары өтті – Қараған айлағынан Астраханьға және Гурьевке дейінгі қашықтық 200 верст болды [2, 22-б].

1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылып, Орынбор қазақтарының облысы құрылғаны белгілі. Бұл облыс өз кезегінде Шығыс, Батыс, Орта бөліктерге, бөліктер – дистанцияларға бөлінді. 1824 жылғы реформа бойынша Маңғыстау қазақтары әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша басында басқарушы-сұлтан тұрған (Қаратай Нұралыұлы, кейін Баймұхаммед Айшуақұлы (1830 – 1847) және Мұхамбетқали Тяукин (1847 – 1867)) Кіші Жүздің Батыс бөлігіне жатқызылды [3, 50-б].

1824 жылғы Ереже бойынша, үш бөліктің қазақтары шартты түрде желілік және далалық болып бөлінді, желілік қазақтарды және Ресейдің өзге толық құқылы бодандарын басқаруды желілік дистанциялардың (дистанция – екі бекініс арасындағы учаскелер) командирлері жүзеге асырды. Алғашында 11 желілік дистанция құрылды. Одан әрі 1831 жылдан бастап шекаралық тізбекке жақындаған көшпелі халықтан барлық жерде дистанциялар, олардың өз ішінде әрбір желілік форпостар немесе отрядтарға қарсы орналасқан жерлеріне байланысты ағамандықтар құрылды. М.С.Тұрсынованың еңбегінде бұл мәселе туралы былай делінеді: «...Маңғышлақтың жергілікті халқын Ресейге бағынуды заңды рәсімдеу 40-шы жылдарда барлық Кіші жүзге 1831 жылдың өзінде енгізілген және сол кезде казак желілерінде көшіп-қонған қазақтарды қашықтықтан басқару жүйесін тарату болып табылды. Осы жүйе қазақтардың көшіп-қонуы 32 аймаққа (қашықтыққа) бөлінді ..., кейіннен олар көбейді» [3, 49-50-бб].

1833 жылы Каспий теңізінің жағалауында, Өліқолтық шығанағында Новопетровка бекінісінің негізі қаланды. Гарнизон зеңбірекшілер командасы бар 2 жаяу әскер ротасынан,

200 Орал казактарынан құралды. Сонымен қатар қару-жарағы – оқпаны әртүрлі 31 мыс және шойын зеңбіректері болды. Алайда орналасқан жері нашар, суы және климат жағдайы қолайсыз болғандықтан бекініс Тұпқараған шығанағына көшіріледі және Ново-Александровск деп аталды. 1847 жылы 30-тамызда ресми түрде ашылады [4, 307-6]. 1844 жылы «Орынбор қазақтарын басқару туралы» жаңа Ереже бекітіліп, іске қосылды. Бұл Ереже 1824 жылғы Ереженің бірқатар шектеулі тұстарын толықтырды және шекаралық өкіметтердің, әскери соттардың және жалпы империялық заңдардың ролінің күшеюі, билердің соттық құқығының елеулі түрде шектелуі үрдістерін одан әрі дамытты. 1844 жылғы «Ереже» бұған дейінгі құжаттарға қарағанда нақты тұжырымдалған айқындамасы бар заң актісі болды [4, 314-6].

Маңғыстаудың патшалық отаршылдық аппаратқа бағынуының заңды түрде рәсімделуі XIX ғасырдың 40-жылдарынан, Кіші Жүзде дистанциялық басқару жүйесінің таралуымен байланысты, басталады. Маңғыстау қазақтары түгелдей Орынбор қазақтарының Батыс бөлігінің билеуші-сұлтаны басқарған 52-ші дистанцияға қарады [5, 18-6]. Ол адайлардың төрт бөлімінен: қырықмылтық, құнан орыс, түркімен-адай және Үстірттің оңтүстігін қыстаған Балықшыдан және Кіші Жүздің бірнеше өзге ру бөлімшелерінен тұрды. Дистанцияның бастығы Орынбор шекаралық комиссиясы тағайындаған және тікелей Жүздің Батыс бөлігінің билеуші-сұлтанына бағынған ірі би Есенжан Абызұлы болды. Дистанцияның 10 әкімшілік бірлігі болды, олардың бірқатары айтарлықтай ірі болды. 150 мыңдай аула 240 ауылды құрады, яғни орта есеппен ауыл 600 шаруашылыққа теңестірілді [3, 50-6].

1846 жылы Тұпқараған шығанағының түбінде, алғашында Ново-Петровск, ал 1859 жылдан бастап – Форт-Александровск деп аталған, күшті әскери бекіністің негізі қалануымен қолайлы геосаяси жағдайының арқасында Маңғыстауға патшалық әкімшіліктің әскери-стратегиялық жоспарларында маңызды орын алды. Бұдан былайғы уақытта Маңғыстаудың өзіндік шекаралық орналасуы жиі өзгеріп отыратын әкімшілік-аумақтық басқаруды және оның әскери бағыныштылығын шарттап берді. Кіші жүз аумағында орыс бекіністері салынған сайын, Маңғыстаудағы адайлардың патша өкіметіне бағындырылуы күшейе түсті. 1867 жылы Адай қазақтары Жоғарғы дистанция деп аталынған әкімшілік жүйелік бірлікке біріктірілді. Бірақ, көп ұзамай бұлайша басқарудың қиындығына байланысты тағы да әкімшілік бөліністерге өзгерістер енгізілді [6]. Аумақтың кеңдігі және басқарудың қиындығынан 1868 жылы Маңғыстау дистанциясы: Жоғары және Төменгі болып екіге бөлінді. Жоғарғы дистанция үш бөлімшеден құралып, Үстіртте Бесакты, Сенек және Сұмса құдықтарын қыстаса, Маңғыстауда қыстаған бес бөлімше Төменгі дистанцияға қарады. Жоғарғы дистанцияның бастығы Бәймәмбет Малаев болды. Төменгі дистанцияны Ғафур Қалбин басқарды. Екеуі де елге беделі бар би және дәулетті адамдар болды, сонымен қатар үкіметтен тұрақты жалақы да алып тұрған [5, 18-6].

Маңғыстауды отарлау мен мұндағы Ресей әкімшілігінің басқа аймақтардан айырмашылығы – приставтықтардың құрылуы болып табылады. 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы Уақытша Ереже» қабылданғаннан кейін Маңғыстау түбегі Орынбор генерал-губернаторлығы Орал облысының құрамындағы жеке Маңғыстау приставтығы болып бөлінді және негізгі қазақ жерлеріндегі әкімшілік-басқару жүйесінен бөлініп, алғашқыда Кавказ әскери округына енгізілді. Әрине, ол кезде Маңғышлақ приставтығы деген атпен белгіленген еді. Маңғыстау приставтығы 1868 – 1881 жылдар аралығында (кейіннен болыс, уезд, облыс, губерния ретінде) өмір сүрді. 1868 жылы Маңғыстау приставтығына Бозашы түбегі, Үстірт жоны, Каспий теңізінің Шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов, Керел (Жандауыр) аралдары кірді [6]. Маңғыстау приставтығының басында подполковник Рукин тұрды. Ол патша саясатын белсенді жүргізушілердің бірі болды. Жергілікті басқарудың барлық желісі біртіндеп әскери шенеунік басқарған патша приставтығына бағындырылды. Маңғыстау халқына әкімшілік билік жүргізудің Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда тағы бір өзгешелігі – болыстарды, ауыл ағамандарын, тіпті билердің өзін отаршыл әкімшіліктің тағайындап қоюы болды. Егер

Қазақстанның көп бөлігінде 1868 жылғы Ереже бойынша, болыс басқарушылары мен ауылдық ағамандары, формальды түрде болса да, 3 жыл мерзімге халықтың қалауымен сайланатын болса, Маңғыстауда оларды отаршыл әкімшілік тағайындады. Осылайша, ірі билер Маяұлы мен Қалбиндер болыс басқарушыларына, ал дистанциялар болыстарға айналып үлгерді [7, 9-б].

Маңғыстауға жаңа Ереженің енгізілуі 1870 жылға жатқызылады. 1870 жылы 2 ақпанда патша әкімшілігінің Маңғыстау приставтығын Орал облысының құрамынан алып, Дағыстан облысы Қолбасшылығының қарауына берген жарлығы шықты. Сөйтіп, аймақтағы адайлар мен түркімендер Ресейдің әкімшілік жүйеде жүргізілген реформаларына байланысты еріксіз түрде өз руластарынан, ұлтынан бөлініп қалды. Енгізілген басқаруға негізделіп Маңғыстау приставтығы 2 қазақ, 1 түркімен – Бозашы, Маңғыстау, Түркімен болыстарынан құралды [6]. 1872 жылы Кавказ әкімшілігінің жобасы бойынша, Дағыстандағы тәрізді приставтықтың орынына әскери бөлімше құру, ал халықты Кавказ басқармасына ұқсас, орынбасарлыққа немесе 4 учаскокке бөлу ұсынылды: 1. Түркімен; 2. Маңғыстау; 3. Бозашы; 4. Үстірт [2, 28-б]. 1870 жылы 2 ақпандағы Маңғыстауды Дағыстанға берген патша жарлығы бойынша Красноводск қамалы Кавказ Армиясының Бас қолбасшылығына бағынған приставтық болып қайта құрылды. 1874 жылы наурызда «Каспий сырты өңірін басқару туралы Уақытша ереже» жарияланды. Бұл Ереже бойынша Маңғыстау және Красноводск приставтықтары, яғни Каспий сырты өңірі әскери және әкімшілік тұрғыда Каспий сырты әскери бөлімін құрады, оның құрамына Құлалы, Киелі, Подгорный, Керел, Долгий, Шелекен, Огурчинский аралдары мен Бозашы және Маңғыстау түбектері енді. Маңғыстау өлкесі өткен ғасырларда әртүрлі құрамда болып, дәстүрлі көшпелі шаруашылық-әкімшілік бөліктерге бөлінген. Ал нақты географиялық шекаралық нышанға не болуы XIX ғасырдың орта шенінен басталады [8]. 1880 жылы маусымда Ресей Ахалтеке оазисін иемденіп, толық бағындырады. 1881 жылғы 6-мамырда Ахалтеке оазисінен және Каспий сырты әскери бөлімінің жерлерінен Каспий сырты облысын құру туралы император жарлығы шығады. Ал, осы жылдың 10 маусымында орталығы Ашхабад қаласы болған Каспий сырты облысы құрылып, ол Маңғыстау, Красноводск және Ахалтеке уездерінен құралған Кавказ әскери округіне бағындырылады. Сондай-ақ, осы жылы Маңғыстау приставтығы 10 қазақ және 1 түрікмен болыстарынан құралған уезге айналдырылып, алғашында Кавказ әскери округіне қарады. Уездің әкімшілік орталығы Форт-Александровск қаласы (қазіргі Форт Шевченко) болды. Маңғыстау уезінің аумағы Каспий мен Арал теңіздері аралағында жатқан Каспий сырты облысының бүкіл солтүстік-батысын (жер көлемі 1 937 650 шаршы шақырым) алып жатты. Шығысында – Айбұғар бұғазымен, оңтүстігінде – Красноводск уезімен шектессе, солтүстігінде шекара белгіленбеген. Халық өте сирек орналасқан, барлығы – 77 000 адам, яғни, 1 шаршы шақырымға 0,3 тұрғыннан келген [7, 9-б]. XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғына таман түркімен жерлерін одан әрі жаулап алудың деңгейіне орай, Каспий сырты облысының аумағы анықталды. Ол солтүстігінде Орал облысының Гурьев және Темір уездерімен, солтүстік-шығысында және шығысында Арал теңізімен, оңтүстігі және оңтүстік-батысында Хиуа хандығымен және Бұхара әмірлігімен және шығысында – Ауғанстан және Персиямен шектесті, батысында бүкіл өн бойына Каспий теңізінің суларымен көмкеріліп жатты. 1888 жылы Маңғыстауда бұрынғыға қосымша тағы үш болыс құрылды: Түркімен-Адай, Жеменей және Райымберді [2, 44-б]. 1890 жылдың ақпанында тағы да бір «Каспий сырты облысын басқару туралы Уақытша Ереже» жарияланды. Ереже бойынша, облыс бес уезге бөлінді: Маңғыстау, Красноводск, Асхабад, Тежен және Мерв. Уездерді әскери шенеуніктерден шыққан бастықтар басқарды. Аталмыш Ереже негізгі бөлімдері және тармақтары бойынша 1874 жылғы Ережені қайталады. 1897 жылғы санақ бойынша, Маңғыстау уезінде 68.555 адам тұрды. 1 шаршы метр жерге 0,36 адамнан келді [6]. Каспий сырты облысын әкімшілік-аумақтық қайта құру бұнымен де аяқталмады. Патшаның 1897 жылғы 26-желтоқсандағы Жарлығына сәйкес, әскери министрге тікелей бағынған Каспий сырты облысының жеке өмір сүруі жойылды. Жарлық бойынша, облыс әкімшілік тұрғыда 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енді. Ал әскери тұрғыда – Түркістан әскери округіне

қосылды [7].

1899 жылғы Маңғыстау уезінің бөлінісі төмендегі ретте болды: 1. құрамында – Ақбота, Бәйбіше, Қаратоқа, Кенже-Мамыр, Қойсары-Жақау, Олжашы-Бөкен ауылдары болған – *1-Бозашы болысы*; 2. құрамында – Базар-Тоқтамыс, Бектемір, Жетітайлақ, Дәулетәлі, Ескелді, Кеше, Назар-Тастемір ауылдары болған – *2-Бозашы болысы*; 3. құрамында – Бегімбет, Жомарт, Есен, Сұлтангелді, Өтебай-Көкше, Қожағұл-Шолақ ауылдары болған – *Жеменей болысы*; 4. құрамында – Әлікұл, Жаңай, Қамысбай, Қаржау, Табынай, Тоқсанбай, Өтеғұл-Тоқабай, Шоңай ауылдары болған – *Маңғыстау болысы*; 5. құрамында – Әли, Атембек, Беріш, Жанақ, Жанқозы, Қиыршы, Райымберді ауылдары болған – *Райымберді болысы*; 6. құрамында – Бәли, Жаман адай, Қараша-Бегей, Құнанорыс, Таңат-Шалбар, Тәңірберген, Құдайберген ауылдары болған – *Түркімен-Адай болысы*; 7. құрамында – Абдал, Бозашы, Дәли, Ығдыр-1, Ығдыр-2, Құрбан, Меңдіқожа, Ұра, Қожа ауылдары болған – *Түркімен болысы*; 8. құрамында – Байбоз, Боққара, Көрпе, Медет, Сенгібай-Сарболат, Сүгірәлі-Жәдігер ауылдары болған – *Тұпқараған болысы*. Болыстан тысқары аумақтар: Долгое елді-мекені, Николаевский поселкесі. Әрине, болыстардың және әкімшілік ауылдардың аралығындағы шекаралар көп жағдайда нақты анықталған жоқ, бірақ жиі қайта қаралып отырды. Бөлшектеу ХХ ғасырдың басына дейін жалғасты: егер, 1899 жылы 59 ауыл болса, 1908 жылға таман олардың саны 90-ға жетті [2].

Сонымен, ХХ ғасырдың басына таманғы Маңғыстаудың аумақтық-әкімшілік құрылымының және патшалық биліктің отаршылдық басқармасы осындай көріністе болды. Сансыз «Уақытша Ережелермен» заңды түрде рәсімдей отыра, орыс басқармасының ұйымдары патша үкіметінің өлкені отар тәрізді берік бағындыруына және шаруашылықтық тұрғыда толық игерілуіне жағдай жасады.

#### Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12-сәуір, 2017 жыл.
2. Жумашева Г.С. Политика царизма на Мангышлаке (30-е годы XIX – нач. XX в.в.). – А., 2003.
3. М.С.Тұрсынова. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары. – А., 2015.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан күні бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – А., 2010.
5. Ә.Спанов, Ж.Нұрмұханова. Қарашаңырақ. – А., 1996.; Ж.Ж.Нұрмаханова. Көтеріліс күнделігі. – А., 2010.
6. <http://rusnauka.com>: Табылдиева О.Д. XIX ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Маңғыстау.
7. Қалимаш Жанғанатова. Маңғыстау уезінің әкімшілік орталығы // Қазақ тарихы. – № 4 (151), сәуір, 2017. – 9-10-бб.
8. <http://qamba.info>: Серікбол Қондыбай. Маңғыстау географиясы. III том.

#### Г.Б. Камиева

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова, Актау, Казахстан

E-mail: [alpakon02092000@mail.ru](mailto:alpakon02092000@mail.ru)

#### МАНГИСТАУ В СИСТЕМЕ АДМИНИСТРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ РОССИИ

**Аннотация:** в статье рассматривается причины возникновения особого интереса Российской империи к Младшему Жузу, влияние новой системы управления на казахов Мангистау, специфические особенности царской административной власти в крае.

**Ключевые слова:** положение, дистанция, приставство, Мангистауский уезд, волость

**G. B. Kamiyeva**

Sh. Esenov Caspian State University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan

E-mail: [alpakon02092000@mail.ru](mailto:alpakon02092000@mail.ru)

### **MANGISTAU IN THE ADMINISTRATIVE SYSTEM OF RUSSIA**

**Annotation:** The article discusses the reasons for the special interest of the Russian Empire in Younger Zhuz, the impact of the new system of government on the Mangistau Kazakhs, the peculiarities of the tsarist administration in the region.

**Keywords:** rule, distance, bailiff, Mangistau district, volost.



**ЧИТАТЕЛЯМ И АВТОРАМ ЖУРНАЛА  
«ВЕСТНИК АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА НЕФТИ И ГАЗА  
ИМЕНИ С. УТЕБАЕВА»**

Научный журнал «Вестник Атырауского университета нефти и газа им. С. Утебаева» зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан (свидетельство № 16734-ж от 08.11.2017 г.), включен в Каталог АО

«Казпочта» с присвоением подписного индекса 75185 для организации подписки. Вестник зарегистрирован в Парижской книжной палате и имеет международный шифр ISSN 1683 – 1675.

Выпуск журнала приходится на последний месяц каждого квартала.

Научное ежеквартальное издание адресовано ученым, преподавателям, студентам, магистрантам, докторантам, работникам республиканских органов государственного и местного управления, общественных организаций, всем категориям населения республики, интересующимся вопросами технического, общественно – правового, экономического и инновационного развития стран мирового научного сообщества.

К публикации в журнале принимаются статьи научно-практического характера на государственном, русском и английском языках по следующим направлениям: техника и технологии; естественные науки; социально-гуманитарные науки; информационные технологии в нефтегазовом комплексе, экономика, менеджмент.

Материалы для публикации и прохождения экспертной комиссии принимаются до 1 числа последнего месяца каждого квартала (1 марта, 1 июня, 1 сентября, 1 декабря).

## ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

Редакционная коллегия просит авторов при подготовке статей для опубликования в журнале руководствоваться следующими правилами.

### Условия размещения публикаций в журнале

Для публикации принимаются статьи на казахском, русском и английском языках, содержащие ранее не опубликованные проблемные, обзорные, дискуссионные статьи в области естественных и технических наук, где освещаются результаты фундаментальных и прикладных исследований. А также публикуются рецензии, хроники научной жизни и мн. др.

### К оформлению статей предъявляются следующие требования

Объем статьи, включая список литературы, таблицы и рисунки с подрисовочными надписями, аннотации, не должен превышать 15 страниц печатного текста. Минимальный объем статьи для технических направлений — 5 страниц, естественных — 3 страницы. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Имя файла должно начинаться фамилией первого автора на латинице (например, Ivanov.doc(rtf)); Страницы статьи должны быть пронумерованы. Указывается код по УДК.

Текст должен быть набран в программе Word любой версии, представляется на CD или другом носителе либо отправляется по электронной почте [vestnik@aogu.edu.kz](mailto:vestnik@aogu.edu.kz).

Шрифт текста — Times New Roman, размер кегля 12 пт, межстрочный интервал - одинарный. Выравнивание по ширине.

Абзацный отступ — 1,25 см. Поля верхнее – 2, нижнее – 2, левое – 2, правое – 2. Гарнитура нормальная. В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими, чистыми. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки.

В тексте число формул должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличия в них пустых граф. Условные сокращения и символы следует пояснять в примечании. Иллюстративные материалы представляются в форматах: для фото, рисунков – tiff или jpeg (300 dpi для черно-белых и цветных); графики, диаграммы. На обороте рисунка или под ним указывается фамилия автора, название статьи и номер рисунка. Иллюстрации могут размещаться по тексту. Подрисовочные подписи даются отдельным списком, в конце статьи. В конце статьи рукопись подписывается всеми авторами.

### Список литературы должен оформляться в соответствии с ГОСТ 7.1–2003

«Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках (без цитирования [12], при цитировании или пересказе авторского текста [12, с. 29]). Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них помещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета) в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете.

Например (библиографические сведения условны):

Для книг: Фамилии и инициалы авторов. Заглавие. — Сведения о повторности издания. — Место издания: Издательство, Год издания. — Количество страниц. Например: Ильин В.А., Позняк Э.Г. Линейная алгебра. — 3-е изд. — М.: Наука, 1984. — 294 с.

Для статей из журналов: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания. (Серия). — Год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например: Панчук Д.А., Садакбаева Ж.К., Пуклина Е.А. и др. О структуре межфазного слоя на границе металлическое покрытие–полимерная подложка // Российские нанотехнологии. — 2009. — Т. 4. — № 5-6. — С. 114–120.

Для материалов конференций, сборников трудов и т.д.: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания: Вид издания. — Место, год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например: Приходько Н.Г., Лесбаев Б.Т., Ченчик Д.И., Нажипкызы М., Мансуров З.А. Синтез углеродных наноструктур в пламени при низком давлении // VI Международный симпозиум: Физика и химия углеродных материалов/ Наноинженерия. – Алматы, 2010. - С. 135-138.

Список литературы предоставляется на том языке, на котором цитируется статья.

Сведения об авторах

К рукописи прилагаются:

1) справка о каждом из авторов статьи с указанием фамилии, имени, отчества; ученой степени; ученого звания; основного места работы; должности; домашнего, служебного или мобильного телефонов; электронного и почтового адресов (для связи с редакцией);

2) для магистрантов, аспирантов и соискателей — выписка из протокола заседания кафедры, заверенная в деканате и руководителем темы;

3) информация о том, кому из соавторов следует адресовать вопросы ответ.редактора и/или направлять корректуру.

Все статьи, поступившие в редакцию, рецензируются.

Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысла статьи.

Статьи публикуются по мере поступления.

Схематический пример оформления статьи

УДК

**В. Борисов, И.Утепов, С.Ранова**

Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева, Атырау, Казахстан

E-mail: v.borisov@mail.ru

## **ВЛИЯНИЕ ВЫБРОСОВ НПЗ НА ЭКОСИСТЕМУ РЕГИОНА**

**Аннотация.** .....

**Ключевые слова:** .....

Текст статьи.

Список литературы

В конце статьи приводится ФИО авторов, название статьи и аннотация на казахском (русском), английском языках (размер шрифта на 2 кегеля меньше, чем основной).

Ответственность за содержание материала несут авторы.

**С уважением, редакция научного журнала «Вестник АУНГ».**

## МАЗМҰНЫ

<b>1-БӨЛІМ. МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ҰҢҒЫМАЛАРЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БҰРҒЫЛАУ, ГЕОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	<b>3</b>
<i>Қуанғалиев З.А., Досқазиева Г.Ш., Адиев Е.К., Сайпеденов С. А.</i>	
ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ПРОРВА КЕН ОРНЫНДА ИГЕРУДІҢ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ НАҚТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРУ	3
<i>Қуанғалиев З.А., Досқазиева Г.Ш., Курсина М.М., Иманғалиева Г.Е., Түлегенова О.Ш., Жақұпов А.С.</i>	
ЖАНАТАЛАП КЕНОРНЫН ИГЕРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНҒАН МАТЕМАТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТ	10
<i>Сайлаубаева Ә.Ә., Шаяхметова Ж.Б.</i>	
ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІН ТАБИҒИ РЕЖИМДЕРДЕ ПАЙДАЛАНУ ОБЪЕКТИСІН ИГЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІ	15
<i>Воробьев А.Е., Карабаева С.</i>	
SiO <sub>2</sub> NANOPARTICLES ПАЙДАЛАНУ МҰНАЙ ӨТІНІМДЕРІН АРТТЫРУ МЕХАНИЗМІ	23
<i>Джанзаков И.И., Буктыбаева С.</i>	
СЕРПІМДІ-ТҮТҚЫР ЭЛЕМЕНТТІ ШТАНГАЛЫ ҰҢҒЫМАЛЫҚ СОРҒЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ	30
<i>Сайлаубаева Ә.Ә.</i>	
МҰНАЙ ГАЗ КЕНОРНЫНДАҒЫ ИГЕРУ ҰҢҒЫМАЛАРЫН ТАҢДАУ ЖӘНЕ ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ	34
<b>2-БӨЛІМ. МҰНАЙХИМИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	<b>39</b>
<i>Берниязова Д.Г.</i>	
БОРИК ҚЫШҚЫЛЫНЫҢ БІР ҚАТАР АРОМАТИКАЛЫҚ БИНАТОМДЫ СІЛТІЛЕРІМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ ТУРАЛЫ	39
<i>Қуанышева Г.А.</i>	
СОЛТҮСТІК КАСПИЙДІҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІНДЕГІ ТЕҢІЗ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖЕМДІК БАЗАСЫН БАҒАЛАУ	44
<i>Дүйсекенова Р.Ф.</i>	
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНДАҒЫ 96 ЖӘНЕ 102 КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ АРШЫНДЫ ГИПСТЕРІНІҢ ҮЙІНДІЛЕРІН ӨЗІРЛЕУ КЕЗІНДЕ АУА ОРТАСЫН ҚОРҒАУ	51
<b>3-БӨЛІМ. ЭНЕРГЕТИКА, КӨЛІК ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	<b>60</b>
<i>Бисенғалиев М.Д., Макс М.А., Салпакаева Р.К., Тажибаева А.Е.</i>	
ТЕҢІЗ СУЫН ТҮЗСЫЗДАНДЫРУ АРНАЛҒАН БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛҒАН ГАЗЫБЕН КҮННІҢ ЭНЕРГИЯСЫН БІРІКТІРІЛІП ҚОЛДАНУ	60
<i>Бисенғалиев М.Д., Дауылбай А.А., Салпакаева Р.К., Айманова Г.Р.</i>	
ҚАБАТТЫ ТҮЗ МАССИВІН МОДЕЛЬДЕУ ҮШІН ОПТИКАЛЫҚ СЕЗІМТАЛ ПОЛИМЕРЛІК МАТЕРИАЛДАР	64
<i>Бисенғалиев М.Д., Дауылбай А.А., Салпакаева Р.К., Қуанышкалиева А.Ж., Мухамбетжанова К.К.</i>	
КЕРНЕУЛІ-ДЕФОРМАЦИЯЛАНҒАН КҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЗДЫ ТАУ ЖЫНЫСТАРЫН ЗЕРТТЕУ	70
<b>4-БӨЛІМ. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР</b>	<b>74</b>
<i>Карамурзиев Т.К., Аронова А.А.</i>	
КАСПИЙ АРТЕЗИАН БАССЕЙНІНІҢ МҰМКІН БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАРЫ	74

<i>Бақтығалиева А.К., Иссык Т.В.</i> БИЗНЕСТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ПРИНЦИПТЕРІН ПАЙДАЛАНУ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ	78
<i>Ена С.В., Султанбекова Г.К.</i> ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ФАКТОРЛАРЫ	84
<i>Ена Л.С., Тултабаев С.Ч.</i> МЕТАЛЛ ЖИҢАЗ ӨНДІРУ БОЙЫНША БИЗНЕСТІ ДАМУ СТРТЕГИЯСЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ	90
<i>Сурбаева М.И., Тултабаев С.Ч.</i> КІШІ БИЗНЕС СТРТЕГИЯЛАРЫН ЖАСАҚТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	97
<i>Сидешова Р.А.</i> МАҢҒЫСТАУДЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІНЕ ҚОСУДАҒЫ ШЕШУШІ ТҰЛҒА	102
<i>Қамиева Г.Б.</i> РЕСЕЙДІҢ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢҒЫСТАУ	106

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>ГЛАВА 1. ПРОБЛЕМЫ ГЕОЛОГИИ, БУРЕНИЯ И РАЗРАБОТКИ НЕФТЯНЫХ И ГАЗОВЫХ СКВАЖИН</b>	3
<i>Қуанғалиев З.А., Досқазиева Г.Ш., Адиев Е.К., Сайпеденов С. А.</i>	
АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ ГЕОЛОГО-ТЕХНИЧЕСКИХ МЕРОПРИЯТИЙ И СРАВНЕНИЕ ПРОЕКТНЫХ И ФАКТИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РАЗРАБОТКИ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ ПРОРВА	3
<i>Қуанғалиев З.А., Досқазиева Г.Ш., Курсина М.М., Иманғалиева Г.Е., Тулегенова О.Ш., Жақупов А.С.</i>	
МАТЕМАТИЧЕСКОЕ СОСТАВЛЯЮЩЕЕ ПРИНЯТЫХ ДЛЯ РАСЧЕТА ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ РАЗРАБОТКИ МЕСТОРОЖДЕНИЯ ЖАНАТАЛАП	10
<i>Сайлаубаева А.А., Шаяхметова Ж.Б.</i>	
СИСТЕМЫ ОСВОЕНИЯ ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО ОБЪЕКТА СИСТЕМ РАЗМЕЩЕНИЯ СКВАЖИН В ПРИРОДНЫХ РЕЖИМАХ	15
<i>Воробьев А.Е., Карабаев С.</i>	
МЕХАНИЗМ УВЕЛИЧЕНИЯ НЕФТЕОТДАЧИ ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ НАНОЧАСТИЦ SiO <sub>2</sub>	23
<i>Джанзаков И.И., Буктыбаева С. К.</i>	
ДИНАМИКА ШТАНГОВЫХ СКВАЖИННЫХ НАСОСНЫХ УСТАНОВОК С ВЯЗКО-УПРУГИМ ЭЛЕМЕНТОМ	30
<i>Сайлаубаева А.А.</i>	
ВЫБОР СИСТЕМЫ РАЗМЕЩЕНИЯ СКВАЖИН НА МЕСТОРОЖДЕНИИ НЕФТИ И ГАЗА, ОСВОЕНИЕ СКВАЖИН, ПРОЕКТИРОВАНИЕ	34
<b>ГЛАВА 2. ПРОБЛЕМЫ НЕФТЕХИМИИ И ЭКОЛОГИИ</b>	39
<i>Берниязова Д.Г.</i>	
О ВЗАИМОДЕЙСТВИИ ВОДНЫХ РАСТВОРОВ БОРНОЙ КИСЛОТЫ С НЕКОТОРЫМИ АРОМАТИЧЕСКИМИ ДВУХАТОМНЫМИ СПИРТАМИ	39
<i>Қуаньшиева Г.А.</i>	
ОЦЕНКА КОРМОВОЙ БАЗЫ МОРСКИХ РЫБ ВОСТОЧНОЙ ЧАСТИ СЕВЕРНОГО КАСПИЯ	44
<i>Дүйсекенова Р.Ф.</i>	
ОХРАНА ВОЗДУШНОЙ СРЕДЫ ПРИ РАЗРАБОТКЕ ОТВАЛОВ ВСКРЫШНЫХ ГИПСОВ МЕСТОРОЖДЕНИЙ 96 И 102 В АКЖАЙЫКСКОМ РАЙОНЕ ЗАПАДНО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	51
<b>ГЛАВА 3. ПРОБЛЕМЫ ЭНЕРГЕТИКИ, ТРАНСПОРТА И СТРОИТЕЛЬСТВА</b>	60
<i>Бисенғалиев М.Д., Макс М.А., Салпакаева Р.К., Тажипбаева А.Е.</i>	
КОМБИНИРОВАННЫЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭНЕРГИИ СОЛНЦА С ГАЗОМ БУРОВОЙ УСТАНОВКИ ДЛЯ ОПРЕСНЕНИЯ МОРСКОЙ ВОДЫ	60
<i>Бисенғалиев М.Д., А.А. Дауылбай, Р.К.Салпакаева, Г.Р. Айманова</i>	
ОПТИЧЕСКИ ЧУВСТВИТЕЛЬНЫЙ ПОЛИМЕРНЫЕ МАТЕРИАЛЫ ДЛЯ МОДЕЛИРОВАНИЯ СЛОИСТОГО СОЛЯНОГО МАССИВА	64
<i>Бисенғалиев М.Д., Дауылбай А.А., Салпакаева Р.К., Қуаньшықалиева А.Ж., Мухамбетжанова К.К.</i>	
ИССЛЕДОВАНИЯ СОЛЯНЫХ ГОРНЫХ ПОРОД В УСЛОВИЯХ НАПРЯЖЕННО-ДЕФОРМИРОВАННОГО СОСТОЯНИЯ	70
<b>ГЛАВА 4. ЭКОНОМИКА И СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ</b>	74
<i>Карамурзиев Т.К., Аронова А.А.</i>	
РЕАЛЬНОСТЬ НАЛИЧИЯ ПРИКАСПИЙСКОГО АРТЕЗИАНСКОГО БАССЕЙНА	74

*Бактыгалиева А.К., Иссык Т.В.*

ПРЕИМУЩЕСТВА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИНЦИПОВ СОЦИАЛЬНОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТИ БИЗНЕСА 78

*Ена С.В., Султанбекова Г.К.*

НЕКОТОРЫЕ ФАКТОРЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОИЗВОДСТВА 84

*Ена Л.С., Тултабаев С.Ч.*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗРАБОТКИ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ БИЗНЕСА ПО  
ПРОИЗВОДСТВУ МЕТАЛЛИЧЕСКОЙ МЕБЕЛИ 90

*Сурбаева М.И., Тултабаев С.Ч.*

ОСОБЕННОСТИ РАЗРАБОТКИ СТРАТЕГИЙ ДЛЯ МАЛОГО БИЗНЕСА 97

*Сидешова Р.А.*

ПРИСОЕДИНЕНИЕ МАНГИСТАУ К КАЗАХСКОЙ (КЫРГЫЗСКОЙ) АССР 102

*Қамиева Г.Б.*

РЕСЕЙДІҢ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҢҒЫСТАУ 106

## CONTENTS

<b>CHAPTER 1. PROBLEMS OF GEOLOGY, DRILLING AND DEVELOPMENT OF OIL AND GAS WELLS</b>	3
<i>Kuangaliyev Z.A., Doskaziyeva G.SH., Adiet E.K., Saypedenov S.A.</i>	
ANALYSIS OF THE EFFECTIVENESS OF GEOLOGICAL AND TECHNICAL MEASURES AND COMPARISON OF DESIGN AND ACTUAL DEVELOPMENT INDICATORS AT THE PRORVA FIELD	3
<i>Kuangaliyev Z. A., Doskaziyeva G. Sh., Chursina M. M., Imangaliyeva G. E., Tulegenova Sh., Zhakupov A. S.</i>	
MATHEMATICAL COMPONENT USED IN TECHNOLOGICAL INDICATORS CIRCULATION OF THE ZHANATALAP	10
<i>Sailaubayeva A.A., Shayakhmetova J. B.</i>	
SYSTEMS FOR DEVELOPMENT OF AN OPERATIONAL OBJECT WELL PLACEMENT SYSTEMS IN NATURAL MODES	15
<i>Vorobiev A.E., Karabaev S.</i>	
MECHANISM FOR INCREASING OIL TRANSFER USING SiO <sub>2</sub> NANOPARTICLES	23
<i>Dzhanzakov I., Buktybayeva S.</i>	
DYNAMICS OF ROD WELL PUMPING UNITS WITH A VISCO-ELASTIC ELEMENT	30
<i>Sailaubayeva A.A.</i>	
SELECTION OF A WELL PLACEMENT SYSTEM IN AN OIL AND GAS FIELD, WELL DEVELOPMENT, DESIGN	34
<b>CHAPTER 2. PROBLEMS OF PETROCHEMISTRY AND ECOLOGY</b>	39
<i>Berniyazova D.G.</i>	
ON THE INTERACTION OF AQUEOUS SOLUTIONS OF BORIC ACID WITH SOME AROMATIC BINATOMAL ALCOHOLS	39
<i>Kuanysheva G.A.</i>	
EVALUATION OF THE FODDER BASE OF SEA FISH OF THE EASTERN PART OF THE NORTHERN CASPIAN	44
<i>Duisekenova R.G.</i>	
PROTECTION OF AIR SAFETY DURING THE DEVELOPMENT OF OVERBURDEN GYPSUM DUMPS OF DEPOSITS 96 AND 102 IN AKZHAYYK DISTRICT OF WEST KAZAKHSTAN REGION	51
<b>CHAPTER 3. PROBLEMS OF ENERGY, TRANSPORT AND CONSTRUCTION</b>	60
<i>Bisengaliyev M.D., Max M.A., Salpakayeva R.K., Tazhibayev A.E.</i>	
COMBINED USE OF THE ENERGY OF THE SUN WITH EXHAUST GAS OF THE DRILLING RIG FOR THE DESALINATION OF SEA WATER	60
<i>Bisengaliyev M. D., Dauylbay A. A., Saldakaeva R. K., Aimanova G. R.</i>	
OPTICALLY SENSITIVE POLYMER MATERIALS FOR MODELING A LAYERED SALT ARRAY	64
<i>Bisengaliyev M. D., Dauylbay A. A., Salpakaeva R. K., Kuanyshkalieva A. J., Mukhambetzhanova K. K.</i>	
RESEARCH OF SALT ROCKS IN TERMS OF STRESS-STRAIN STATE	70
<b>CHAPTER 4. ECONOMICS AND SOCIAL AND HUMANITIES</b>	74
<i>Karamurziev T.K., Aronova A.A.</i>	
REALITY OF THE CASPIAN ARTESIAN POOL	74
<i>Baktygaliyeva A.K., Issyk T.V.</i>	
ADVANTAGES OF USING THE PRINCIPLES OF SOCIAL RESPONSIBILITY OF BUSINESS	78
<i>Yena S.V., Sultanbekova G.K.</i>	
SOME FACTORS OF INCREASING PRODUCTION EFFICIENCY	84
<i>Yena L.S., Tultabayev S.</i>	
SOME ASPECTS OF DEVELOPING A BUSINESS STRATEGY FOR THE PRODUCTION OF METAL FURNITURE	90



*Surbayeva M.I., Tultabayev S.*

FEATURES OF DEVELOPING STRATEGIES FOR SMALL BUSINESS

97

*Sideshova R.A.*

JOINING MANGISTAU TO THE KAZAKH AUTONOMOUS REPUBLIC

102

*Kamiyeva G.B.*

MANGISTAU IN THE ADMINISTRATIVE SYSTEM OF RUSSIA

106

**Атырау мұнай газ университетінің хабаршысы**  
Ғылыми журнал

Материалдарды компьютерде беттеп, баспадан шығарған  
Атырау мұнай және газ университетінің Баспа орталығы  
Басуға 19.06.2020ж. қол қойылды.  
Пішімі А4. Көлемі 14 б.т. Таралымы 100 дана.

**Вестник Атырауского университета нефти и газа**  
Научный журнал

Верстано и тиражировано в Издательском центре  
Атырауского университета нефти и газа  
Подписано в печать 19.06.2020 г.  
Формат А4. Объем 14 п.л. Тираж 100 экз.